

Нашар еститін 8-9 жастағы оқушыларда қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыруда инновациялық технологияларды қолдану ерекшеліктері

Чулембаева А.Б.¹, Бутабаева Л.А.², Махметова А.А.³

¹Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы РММ, Алматы, Қазақстан

²Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, Қазақстан

³Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
*gerain-87@mail.ru



Аңдатпа. Бұл зерттеу есту қабілеті зақымдалған 8-9 жастағы бастауыш сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыруда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында инновация ұғымына, арнайы білім беру саласында қолданылатын цифрлық технологиялар мен компьютерлік бағдарламалар талданды. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейімдеудің маңызды құралы ретінде қарастырылады. Осы негізде, негізгі мәселе ретінде нашар еститін балалардың сөйлеу қабілетін дамытуда қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс меңгерту мәселесі жан – жақты қарастырылды. Қазақ тіліне тән дыбыстарды меңгерудің заманауи әдістерін талдау жасап, инновациялық технологиялардың сөйлеуді дамытудағы рөлін анықтап, зерттеу есту қабілеті зақымдалған 8-9 жастағы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу қабілетін жақсартуға бағытталған тиімді жолдары көрсетілді. Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың сөйлеу дағдыларын жақсартуға оң әсер етеді. Бұл әдістің тиімділігі ғылыми тұрғыда дәлелденіп, алынған нәтижелер сараптамалық талдау арқылы негізделді. Бұл есту қабілеті зақымдалған оқушылардың естіп қабылдауын дамытуда және сөйлеу тілін қалыптастыруда компьютерлік технологияларды қолданудың тиімділігін дәлелдейді. Мультимедиялық презентациялар мен электронды материалдардың қолданылуы, сондай-ақ жобалау әдісі сияқты жаңа тәсілдердің баланың білім алу үдерісіне оң әсерін тигізгені байқалды.



Кілтті сөздер: нашар еститін оқушылар, компьютерлік технологиялар, қазақ тіліне тән дыбыстар, мультимедиялық құралдар, сурдопедагог.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Чулембаева, А.Б., Бутабаева, Л.А., Махметова, А.А. Нашар еститін 8-9 жастағы оқушыларда қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыруда инновациялық технологияларды қолдану ерекшеліктері [Мәтін] // «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №1. – Б. 205-217.

Кіріспе

Арнайы білім беруде инновациялық технологиялардың маңыздылығы Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған

тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Бұл тұжырымдама арнайы білім беру жүйесін жаңғыртуға, оның ішінде инклюзивті оқыту мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инновациялық әдістерді енгізуге бағытталған [1].

Қазақстанда арнайы білім беруде цифрлық технологияларды пайдалану ерекше қажеттіліктері бар балалардың білімге қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтар, онлайн-курстар мен білім беру қосымшалары арқылы оқушылар өзіне ыңғайлы қарқынмен білім ала алады. Интерактивті тақталар, сенсорлық панельдер және виртуалды шындық технологиялары ерекше балалардың танымдық қызығушылығын арттырады және олардың оқу үдерісіне толыққанды қатысуын қамтамасыз етеді. Жасанды интеллект негізіндегі оқыту жүйелері оқушылардың білім деңгейін автоматты түрде талдап, оларға жеке оқу бағдарламаларын ұсынуға көмектеседі. Бұл тәсіл әр баланың жеке қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Арнайы білім беру мекемелеріне бара алмайтын балалар үшін қашықтықтан оқыту технологиялары үлкен маңызға ие. Сонымен қатар, телепедагогика арқылы логопедтер, дефектологтар мен басқа да мамандар онлайн кеңестер өткізіп, оқушыларға қажетті қолдау көрсете алады. Тұжырымдамада арнайы білім беруге қатысты келесі бастамалар қарастырылған: арнайы білім беру ұйымдарын заманауи технологиялармен жабдықтау; мұғалімдер мен дефектологтардың біліктілігін арттыру; инклюзивті білім беруді дамыту; ерекше қажеттіліктері бар балаларға бейімделген оқу материалдарын жасау.

Қазақстанда «инновация» ұғымына алғаш қазақ тілінде анықтама енгізілуі, инновацияны білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты қызметі ретінде сипатталуы Н. Нұрахметов есімімен байланысты. Ғалымның жіктелмесінде инновацияның бірнеше түрі қарастырылады: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан); білім беру ұйымдарын толық қамтитын жүйелі түрі. Жаңа педагогикалық технологиялар саласында зерттеулер жүргізіп өз зерттеулерін оқыту әдістерін жетілдіруге бағыттау туралы ойларын К.Ж. Бұзаубақова айқын көрсеткен [2].

Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инно-

вациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың ерекшеліктерін зерттей отырып, дербес оқыту технологиясы арқылы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік бар. Оның қатарында саралап, деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталған ықпалы көрінеді [3].

Р. Czarnecka өз зерттеуінде инновациялық фонетикалық талдау әдісінің сипат сезу мен көру сенсорлық талшықтармен бірлескен эксперименталды стратегиясын қолданып зерттеу апробациядан өткізілген, оның барысында фонематикалық есту қабілетін бағалау жүргізілген [4]. Жүргізілген зерттеу фонематика жүйесінің қалыптасу онтогенезін жақсырақ түсінуге, логопедтердің қарапайым рефлексер туралы білімін кеңейтуге мүмкіндік беріп, логопедиядағы дисфункцияларды түзетуде инновациялық әдістерді қолдануға ықпалы бар тұжырымдаған.

Ш.Т. Таубаева, С.Н. Лактионова, Е.З. Батталханов, Қ.Қ. Қадашева, Т.О. Балықбаев, Ж.А. Қараев, Г.К. Нұрғалиева, С.Д. Мұқанова, Н.И. Хван, Л.Е. Румянцева, З.У. Имжарова, М.М. Мұқаметқалиқызы сынды ғалымдар білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиялары мәселелері бойынша, бұл ғалымдардың еңбектері білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды енгізу мен дамытудың теориялық және практикалық негіздерін қалыптастыруға зор үлес қосқаны белгілі.

Инклюзивті білім беру жүйесінің әлеуметтік модельге біртіндеп көшуі, білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістерді енгізу қажеттілігі барын көрсетеді, оның қатарында ұтымды, тәжірибеде апробацияланған әдістерді ендіру маңызын арттырады. Осыған орай, әлеуметтік модельге көшудегі кіріктіру мәселелерінің туындауы, білім алушылардың коммуникациялық дағдыларын арттыру мәселелерінің бар

екенін ғалымдар өз зерттеулерінде айқын көрсеткен [5].

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды тәжірибеде қолдану кеңінен орын алуда. Алайда, арнайы білім беру, әсіресе сурдопедагогика саласында, қазақ тілінде әзірленген инновациялық технологиялар мен компьютерлік бағдарламалар жеткіліксіз екенін айқын көреміз.

Қазақтың төл дыбыстары – ұлттық тілдің өзегі. Олар жалпы қазақ тілді қоғам үшін тілді дұрыс меңгерудің негізін құрайды. Бұл мәселенің өзектілігі қазақ тілінің сақталуы, ұлттық бірегейлікті сақтау, сондай-ақ сауатты ұрпақ тәрбиелеу үшін өте маңызды. Бұл тек жалпы білім беру сұрағы емес, сонымен қатар есту бұзылыстары бар балаларды оқытуда өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Ғылыми әдебиет көздерін талдау көрсеткендей қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыру мәселелері бойынша бір шама ғылыми еңбектер орын алады. Б.Б. Баймұратова қазақ балабақшаларындағы 3-5 жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдысын дамытудың психологиялық-педагогикалық және мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту ерекшеліктерін зерттеумен айналысқан [6]. А.Б. Бакраденова мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту мәселелерін зерттеді [7]. Соңғы жылдары Өмірбекова Қ.Қ., Ибатова Г.Б., Тулебиева Г.Н. қазақ тілді қалыпты және сөйлеу тілді бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуы, онтогенез барысында ана тілі жүйесінің қалыптасуы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізген [8]. Әбдіразақова С.Ж. сынды ғалымдардың көбінесе дыбыстық жүйенің қалыптасуы, дыбыстарды дұрыс айтудағы қиындықтар мен оларды түзету үшін қажетті әдістер туралы зерттеулері бар.

Есту қабілеті бұзылған қазақ балаларының тілдік дыбыстарды айту қабілетін зерттеген ғалымдардың бірі – А.Н. Аута-

ева. Алайда, есту қабілеті зақымдалған балалардың қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау және қалыптастыру ерекшеліктері әлі күнге дейін жеткіліксіз зерттелген. Демек, қазақ тіліне тән дыбыстарды есту қабілеті зақымдалған оқушыларда қалыптастыру мәселесінің өзектілігі осы жағдайдан туындайтынын көре аламыз [9], [10]. Зерттеу өзектілігі нақты қазақ тіліне тән дыбыстарды бастауыш буында есту қабілеті зақымдалған оқушыларда қалыптастырудағы инновациялық әдістердің тиімді жолдарының болмауынан айқын көрінеді.

Осы негізде зерттеу мақсаты – есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыруда инновациялық әдістерді қолданудың тиімді жолдарын анықтау. Оның барысында келесідей міндеттер өз шешімін табады, нашар еститін 8-9 жастағы балалардың қазақ тілінің төл дыбыстарын қалыптастыруда компьютерлік бағдарлама әзірлеу; компьютерлік бағдарлама пайдалана отырып, дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру тиімділігін анықтау. Нәтижесінде арнайы білім беру ұйымдарына ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік болып, қазақ тілінде жасалған компьютерлік бағдарламаларды оқу үдерісіне енгізу мүмкіндіктері анықталады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында инновация ұғымы, инновациялық технологиялар, есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыру әдістеріне қатысты теориялық-әдістемелік негіздерді анықтау кезінде талдау, саралау, салыстыру, тұжырымдау, қорытындылау әдістері пайдаланылды. Зерттеудің практикалық мәні мен мазмұны, зерттеу мәселелерін айқындау бойынша педагогикалық эксперимент ұйымдастырылып, оның барысында бақылау, тестілеу және сауалнама жүргізілді. Оның бірі, еліміздің арнайы мектеп-интернаттарының сурдопедагог мамандарына сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға есту қабілеті зақымдалған бала-

ларға арналған 18 арнайы мектептің 259 сурдопедагогы қатысты.

Осылайша, арнайы білім беру саласында, әсіресе сурдопедагогикада, қазақ тілінде инновациялық технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды әзірлеу қажеттілігі бар, бұл бағытта тиісті зерттеулер жүргізіп, жаңа технологияларды енгізу арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар, соның ішінде есту қабілеті зақымдалған балалардың білім алу сапасын арттыруға қадам жасау мәселесі бар екенін айқын көре алдық.

Зерттеу барысында Ф.Ф. Рау мен Н. Ф. Слезина [11], Н. Д. Шматко және Т.В. Пельмская әдістері негізінде әзірлеген А.Б.Чулембаева мен А.Н. Аутаеваның есту бұзылыстары бар оқушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуын зерттеу әдістері қолданылады. Оның негізінде бастауыш 1-2 сынып оқушыларындағы қазақ тіліне тән спецификалық 8 - (ә), (і), (ң), (ғ), (ү), (ұ), (қ), (ө) дыбысты естіп қабылдауын және айтуының даму динамикасы анықталады. Есту бұзылыстар бар оқушыларда қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау мақсатында оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау және айту жағдайын анықтау мақсаты қойылды.

Зерттеуге 1 сынып оқушыларынан 16 оқушы, 8 жастағы - 20 оқушы және бақылау топ ретінде 9 жастағы 19 оқушы қатысты. 8-9 жастағы нашар еститін оқушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарын қалыптастыруға арналған түзету жұмыстарының тиімділігін бағалау мақсатында анықтаушы зерттеу жүргізілді. Бұл зерттеуде диагностикалық тапсырмаларды қолдану арқылы бақылаушы эксперименттік жұмыс ұйымдастырылды. 8-9 жастағы нашар еститін оқушыларда инновациялық технологияларды пайдалану арқылы қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыру және түзету бір жыл бойы жүзеге асырылды.

Нәтижелер.

Арнайы мектепте алынған сауалнама

нәтижесінде, сурдопедагогтердің 80%-ы арнайы компьютерлік технологиялар мен бағдарламаларды қолданбайтыны анықталды. Бұл жағдайдың негізгі себептерінің бірі – қазақ тілінде есту қабілеті зақымдалған балаларға бейімделіп жасалған арнайы компьютерлік технологиялар мен бағдарламалардың жоқтығы сынды зерттеу мәселесі айқындалды. Сауалнама барысында сурдопедагогтердің 20%-ы тәжірибеде балалардың сөйлеуін түзету және дамыту мақсатында компьютерлік бағдарламаларды қолданатыны белгілі болды. Олар негізінен келесі бағдарламаларды пайдаланатындығын көрсетті: «Игры для Тигры»: Әртүрлі күрделілік деңгейіндегі 50-ден астам жаттығуларды қамтитын бағдарлама. Ол сөйлеудің әртүрлі аспектілерін түзету мен дамытуға бағытталған төрт тақырыптық блоктан тұрады. «Логомер 2»: 90 ойын жаттығуларынан тұратын кешен, балалардың сөйлеу ауытқуларын диагностикалау және түзету үшін жеке және топтық сабақтарда қолданылады. «Дельфа-142»: Балалардың әртүрлі сөйлеу бұзылыстарын түзетуге арналған логопедиялық жаттықтырушы. Алайда, бұл бағдарламалар негізінен логопедиялық жұмысқа бағытталған және қазақ тілінде қолжетімді емес.

Зерттеу нәтижелері бойынша 8 жастағы оқушылары қазақ тіліне тән (қ), (і), (ү), (ұ), (ң), (ө) дыбыстарын естіп қабылдау және айту барысында қиындықтарға тап болатыны анықталды. Нашар еститін 9 жастағы оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту көрсеткіштері сөйлем деңгейінде – 50%, сөздерде – 60%, буындарда – 75%, ал оқшауланған түрде – 80% құрады. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, 1-сынып оқушылары қазақ тіліне тән (қ), (ғ), (ұ), (ң) дыбыстарын айтқанда қиындықтар сезінеді. Сонымен бірге, 8 және 9 жастағы оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдауы мен айтуының даму динамикасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады. Демек, нашар еститін бастауыш сынып оқушыларында қазақ тіліне тән дыбыстарды естіп қабылдау және қалыптастырудың дәстүрлі әдістерінің тиімділігі төмен. Түзету-педагогикалық үрдістің міндеттерінің бірі болып табылатын есту қабілеті зақымдалған

оқушылардың коммуникативтік сөйлеу тілінің қалыптастыру білім беру технологияларын жаңартуды қажет етеді.

Н.М. Назарова білім беру технологияларын түзете-дамытушылық және түзете білім беру деп екі топқа бөледі [12].

Нашар еститін бастаушы сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды айту сапасын арттыруға бағытталған түзету жұмысының мазмұны.

- Ауызша сөйлеу тілінің барлық компоненттерімен жұмыс жасау;
- Ауызша сөйлеу тілінің барлық құрамдас бөліктері бойынша теориялық хабардар болу;
- Ауызша сөйлеу тілінің барлық компоненттерін жетілдіру үрдісінде информациялық-компьютерлік технологияларды пайдалану;
- Нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды айтыуын жетілдіру үрдісінде жобалау әдісін пайдалану;
- Қарым-қатынас жағдайында дыбыс айтуымен жұмыс жасау.

Нашар еститін 8-9 жастағы оқушыларда қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыру жұмысын ұйымдастыру барысында біз олардың дыбыс айтуын сапалы бағалау нәтижелеріне негіздедік.

К.А. Волкова, Л.В. Николаева, Ф. Ф. Рау, Н. Ф. Слезина сынды ғалымдардың дәстүрлі әдістері негізінде қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастырудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып жобалау әдісі құрастырылды.


Жоба әдісі алғаш 1920 жылы АҚШ-та әзірленді, алғашында бұл әдіс баланың белсенді өз бетінше ойлауын дамытуға бағытталған, жоба оқушының тек білімді

есте сақтау және айту ғана емес оны тәжірибеде пайдалану қабілеттірін дамытуға бағытталған.

Жобалау әдісін енгізудің теориялық негіздерін ресейлік ғалым Е.С.Полат әзірлеген. Жобалау әдісі көптеген мемлекеттерде кеңінен қолданылады. Кәзіргі таңда жобалау әдісі жалпы мектептерде кеңінен қолданылады. Жоба әдісі – бұл оқушылардың өз бетінше әрекет етуі арқылы белгілі бір мәселені шешуді көздейтін және нәтижелерді міндетті түрде ұсынумен аяқталатын оқу-танымдық әдістердің кешені. Жобалау технологиясы немесе жобалау қызметі өз табиғаты бойынша шығармашылық ізденіс, зерттеу және проблемалық тәсілдердің үйлесімін қамтиды. Жобалық жұмыс барысында мұғалім үйлестіруші, сарапшы және қосымша ақпарат көзі рөлін атқарады. Нашар еститін оқушылардың коммуникациялық мақсатта ауызша сөйлеу тілін пайдаланудың табиғи қажеттіліктері болмағандықтан оқушының өзі үшін, сурдопедагог үшін де қиындықтар тудырады. Баланың қажеттілігін тек ынталандырушы мотивациялық сабақтар тудыра алады. Сондықтанда жобалау әдістері әмбебап құрал болып табылады [13].

Эксперименттік түзету жұмыстарының нәтижесінде эксперименттік топта қазақ тіліне тән дыбыстарды анық емес айтатын балалардың саны 20%-ға азайғаны байқалды, яғни оқушылардың сөйлеу деңгейі орташа түсінікті деңгейге жетті. Бұл көрсеткіш бақылау тобында тек 8%-ға төмендеді.

Сонымен қатар, эксперименттік топта дыбыстары толық қалыптаспаған деңгейдегі оқушылар саны 5%-ға кемісе, бақылау тобында бұл көрсеткіш 5%-ға ғана өсті. Дыбыстарды жеткілікті түсінікті айтатын оқушылар саны тәжірибелік топта 15%-ға артты, ал бақылау тобында аса өзгерістер болмады.



1-сурет – Оқытуға дейінгі және кейінгі эксперименттік және бақылау топтары оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстардың қалыптастыру деңгейін салыстырмалы талдау

8-9 жастағы оқушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту сапасы туралы деректер алу үшін зерттеу және бақылау топтарындағы оқушыларды кешенді диагностикалық бағдарлама тапсырмаларын пайдалана отырып, бақылау жүргізілді. Зерттеу келесі көрсеткіштерді қамтыды: дыбыс айту жағдайы, дауыс ырғағы, дауысты қолдану қабілеті, сөйлеу кезінде

тыныс алу дағдысының қалыптасуы, ауызша сөйлеуде қазақ орфоэпиясының нормаларын сақтау, негізгі интонациялық құрылымдарды қайталау, үндестік заңын сақтау. Эксперименттік оқыту аяқталғаннан кейін ауызша сөйлеудің барлық компоненттерінің нәтижелері статистикалық өңделіп, 1 кестеде көрсетілді.

1-кесте - Есту қабілеті нашар 8-9 жастағы оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды айту ерекшеліктерін бағалауға арналған тапсырмалар бойынша орташа салыстырмалы көрсеткіштер

№	Қазақ тіліне тән дыбыстар	Дыбыс айтудан жіберген қателердің орташа саны			
		Зерттеуге дейін		Зерттеуден кейін	
		Эксперименттік топ	Бақылау топ	Эксперименттік топ	Бақылау топ
1	ә	30%	28%	10%	25%
2	ө	35%	32%	15%	30%

3	ү	40%	38%	20%	28%
4	і	28%	23%	5%	15%
5	ғ	45%	45%	20%	35%
6	ң	50%	48%	25%	35%
7	қ	50%	47%	25%	40%
8	ұ	35%	33%	15%	25%

Есту қабілеті нашар 8-9 жастағы оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды айту нәтижелерінен анықталғандай, эксперименттік оқыту жүргізілгеннен кейін зерттеу тобының оқушылардың дыбыстарды нормативті айту көрсеткіштері артқанын атап өтуге болады. Дыбыстарды жеке оқшаулап айту нәтижелері: буын және сөз құрамында 1,8 есе, ал фраза құрамында 1,5 есе жақсарған. Кезтеде берілгендей бақылау тобының оқушыларында өзгеріс динамикасы аз деңгейде байқалды.

Кесте нәтижелерін талдай отырып, есту қабілеті нашар 8-9 жастағы оқушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарды айту дағдыларының даму динамикасын қарастыруға болады. Зерттеуге дейінгі кезеңде, барлық дыбыстар бойынша екі топтың да қатемен айту көрсеткіштері жоғары болды, ең көп қиындық тудыратын дыбыстар – «ң» (50%), «қ» (50%) және «ғ» (45%), бұл қазақ тіліне тән көмей және мұрын жолды дыбыстар екенін көрсетеді; қателердің орташа пайызы 28%-дан 50%-ға дейінгі диапазонда болды. Зерттеуден кейінгі кезеңде, біз эксперименттік топта қателер айтарлықтай төмендегенін көреміз (барлық дыбыстар бойынша). Әсіресе «і» (5%), «ә» (10%) және «ө» (15%) дыбыстарын айтуда оң өзгерістер байқалады. Бақылау тобында да белгілі бір жақсару бар, бірақ ол айтарлықтай үлкен емес (5-8% аралығында). Эксперименттік және бақылау топтарын салыстыра қарасақ, эксперименттік топтағы өзгерістер әлдеқайда айқын, бұл арнайы түзету жұмыстарының тиімділігін көрсетеді. Мысалы, «ң» дыбысы бойынша қателіктер эксперименттік топта 50%-дан 25%-ға азайса, бақылау тобында 48%-дан 35%-ға ғана төмендеген. Ең үлкен айырмашылық «і», «ә» және «қ» дыбыстарын

да байқалады, бұл арнайы әдістердің тиімділігін көрсетеді. Яғни нәтижесінде, эксперименттік топтағы оқушылар қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуда едәуір өзгерген. Бақылау тобындағы өзгерістер әлдеқайда баяу және аз.

Талқылау

Балада қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс қалыптастыруға кешенді ықпал ету негіздері ретінде ауызша сөйлеу тілінің барлық компоненттері алынды. Есту қабілеті зақымдалған бала үшін дыбысты сөйлемде, сөзде және жекеше түрде дұрыс айтуы маңызды, демек ауызша сөйлеу тілінде қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыру үшін дыбыс айтумен қатар, дауыспен, тыныспен, орфоэпиялық нормалармен, екпінмен, сөйлеу тілі ырғағымен, интонациямен жұмыс жасау аса маңызды. Түзету жұмысының негізгі бірліктері дыбыс, сөз, сөйлем және мәтін болып табылады. Бұндай кезектіліктің туындау себебі ауызша қарым қатынас барысында адамдар мәтінмен алмасады немесе бірігіп мәтін құрайды. Бұл мәтіндер сөйлемнен, сөйлем сөзден, сөз буыннан, буын дыбыстан құралады. Сөйлеу тілі дыбыстарын дұрыс қоймай және түзетпей сөйлеу дағдыларын меңгеру мүмкін емес, бұл оқушының санасында олардың әрқайсысының артикуляциясының ерекшеліктері мен жалпы фонетикалық жүйе туралы барабар түсініктерін қалыптастыру үшін қажет. Алайда, сөйлеу әрекетінде дыбыстар ешқашан оқшауланған күйде болмайды: олар әдетте басқа дыбыстармен қоршалған сандық және сапалық жағынан олардың әсерінен ішінара өзгереді. Демек, дыбыс айту дағдысын қалыптастыру кезінде жұмыс тек оқшауланған дыбы-

стармен ғана емес, сонымен қатар коммуникативті-маңызды сөйлеу тілдік материалдары негізінде әртүрлі фонетикалық орта арқылы жүзеге асады.

Дыбыс айту дағдыларын қалыптастыру сөйлеу тілінің дыбысталуына байланысты, сондықтан ауызша сөйлеу іс-әрекеті құрылымы жағынан екі топқа бөлінеді: айтылым және естіп қабылдау. Естіп қабылдау дағдыларын дамытпай дұрыс айтылымға қол жеткізу мүмкін емес, егер естіп қабылдауын дамыту және сөйлеу тілін қалыптастыру қатар жүрсе дыбыстың дұрыс қалыптасуы тиімділігі жоғары болады. Естіп қабылдау және дыбыс айту дағдыларының қатар қалыптасуы күрделілік принципіне толық сәйкес келеді. Сондықтан да есту қабілеті нашар 1-2 сынып оқушыларда қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыру олардың естіп қабылдауын дамыту негізінде жүргізілді. Дыбысты қою немесе түзету кезеңінде оқушы дыбыс үлгісін және педагог түсіндірмесін тыңдап, үлгі бойынша дыбысты қайталады, артикуляциялық аппараттың орналасу орнын есте сақтады. Білім берудегі инновациялар деп педагогикалық технологияларды, оқыту әдістері, әдістері мен құралдарының жиынтығын жетілдіру процесі деп түсінеміз.

Білім маңызды әлеуметтік институт ретінде ақпараттық революцияның әсеріне тәуелді, бұл оның мазмұны мен функцияларының өзгеруін талап етеді. Компьютер аса маңызды техникалық құрал, ол өзінің басқа әдістерден оқу үрдісін тиімді құра алу мүмкіндіктерімен ерекшеленеді. Алайда инновациялық технологияларды пайдалану тиімділігі техникалық құралдардың дидактикалық мүмкіндіктерімен ғана емес оның білім беру потенциалымен ерекшеленеді.

Есту бұзылыстары бар 8-9 жастағы оқушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыру сабақтарын ұйымдастыру үшін қарапайым электронды мультимедиялық дидактикалық материалдарды және үлгілік материалдарды әзірлеу сұрақтары туындады, өйткені нашар еститін бастауыш сынып оқушыларында қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыру бойынша

нақты оқулықтардың жетіспеушілігі орын алып отыр.

Білім берудің мультимедиялық құралдарын әзірлеу (дидактикалық және үлгілік) белгілі Windows: Microsoft Word, PowerPoint және Paint стандартты бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Бұндай типтегі бағдарламалар өзінің белгілі мүмкіндіктері мен қасиеттеріне қарай қолданбалы болып табылады:

- әзірлеушіден өзге тілді білу немесе пайдалану дағдыларын талап етпейді;
- түрлі форматтағы ақпараттарды біріктіруге мүмкіндік береді (мәтін, графикалық және дыбыстық);
- өтілетін сабақты ары қарай модификациялауға мүмкіндік береді.

Компьютерлік қолдау ретінде түсіндіруші және иллюстративтік әдістердің шартты белгілер жүйесі әзірленді.

Есту бұзылыстары бар балалардың дыбыс айтуын қалыптастыру бойынша жеке сабақтарда компьютерлік бағдарламаларды пайдалануды жүзеге асырудың кезектілігі ұсынылды:

- нашар еститін оқушының қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту деңгейін орнату. Бұл шартты орындау зерттеу жұмысында алдын ала ұсынған диагностикалық материалдар арқылы жүзеге асырылады. Бұл кезеңде оқушылардың дыбыстарды айту бұзылыстары мен мәселелері шешіледі.
- түзету құралдарын және мазмұнын жинақтау. Бұл дегеніміз ақпараттар жиынтығынан анықталған бұзылысты түзетуге бағытталған жаттығулар таңдалады.
- білім беру үрдісінің кезектілігін жоспарлау. Алынған тапсырмалар оқушының дыбыс айту қиындық деңгейіне қарай орналастырылады (жеңілден күрделіге).
- электрондық өнімдермен жазуға оқыту және техникалық жүзеге асыру. Білім беру бағдарламаларын

жүзеге асыруалдын ала электрондық құралдармен жұмыс жасауға үйрету арқылы жүзеге асырылады (шарттық белгілер, орын алмастыру, орнына қою).

- тапсырманы орындау кезінде дыбыс айтуын өз бетінше қадағалау.
- оқу іс-әрекетін қадағалау және бағалау.
- қатемен жұмыс оқушы мен сурдопедагог арасындағы ортақ жұмысты көздейді.

Нашар еститін оқушыларда қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыру және түзету бойынша бір қатар мультимедиялық презентациялар әзірленді. Бұл әзірлемелер қағаз түріндегі дидактикалық материалдардан ерекшелігі аудиовизуалдық ақпаратты тасымалдай алады, мысалы:

- визуалды «манипуляция» (қабаттау, қозғалыс), алдыңғы экранның өрісіндегі ақпарат;
- әртүрлі аудиовизуалды ақпаратты (араласуы), анимациялық эффектерді жүзеге асыру;
- визуалды ақпараттың деформациясы (ұлғаюы немесе төмендеуі) белгілі бір сызықтық параметрлердің созылу немесе қысылуы;
- бейнені тондау;
- визуалды ақпаратты ары қарай қозғалту немесе қарастыру үшін таңдалған бөлікті фиксациялау;
- бір экранда бірнеше аудиовизуалды ақпараттың болуы және оларды кез келген уақытта белсендендіру (мысалы: бір ұяшықта – видеофильм, екіншісінде -мәтін)

Осылайша нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының түзету сабақтарына компьютерлік технологияларды еңгізу оқушыны бағалау, ауызша сөйлеу тіліне оқытуын жекелендіру және жайлы қылу, ақпаратты ұсыну, қабылдау ерекшеліктерін ескеру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Мультимедиялық білім беру презентацияларын пайдалану жеке сабақ

барысында оқушының қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыруды және түзетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді; оқушының өз бетінше жұмыс жасауын және жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді; баланың жас ерекшелігіне сәйкес түзету жұмысын ұйымдастыру; баланың қызығушылығы мен оқыту мақсатына қарай білім беруді ұйымдастыру; сабақты ұйымдастыру және дайындауды жеңілдетеді; білім беру барысында арнайы жағдай жасауға мүмкіндік береді; дыбыс айту дағдыларын меңгеру барысында өз бетінше жұмыс жасау қабілетін арттырады.

Қорытынды.

Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуы қалыптасқан зерттеу тобы оқушыларының дыбыс айту нәтижелерін талдау барысында оң динамика анықталды. Дыбыс айтудағы келесідей бұзылыстар жойылған: қосымша дыбыстардың пайда болуы, мұрыннан айту, дауысты дыбыстардың нейтралдануы. Дауыстың табиғи дыбысталуына жақындатылды, оқушылар дыбыс үндестігі заңдылықтарын сақтай біледі және негізгі интонациялық құрылымдарды сенімді түрде қайталады.

Дыбыс айтудағы бар кемшіліктерді өздігінен түзетуге бейімділік байқалды, бұл оқушылардың есту-кинестетикалық бақылауын белсендіру есебінен мүмкін болды. Бұл бақылау нашар еститін 8-9 жастағы оқушылардың ауызша сөйлеудің барлық компоненттері туралы теориялық білімді меңгеруі арқылы күшейтілді. Теориялық курсты оқу барысында оқушылардың орыс тілінің фонетикалық жүйесінің жұмыс істеуі туралы білімдері кеңейіп, құрылымданды. Бұл ауызша сөйлеу бойынша өздігінен жұмыс істеуге және саналы түрде өз-өзін бақылау негізін қалады.

Қазақ тіліне тән дыбыстар – ұлттық тілдің маңызды элементтері, олардың дұрыс қалыптасуы қазақ тілінің сақталуы мен дамуы үшін үлкен рөл атқарады. Алайда, есту қабілеті бұзылған балалардың қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс естіп қабылдау және айту мәселелері әлі де толық

зерттелмеген.

Зерттеу нәтижелері нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының қазақ тіліне тән дыбыстарды меңгеруде қиындықтар бар екенін көрсетті. Әсіресе (қ), (і), (ү), (ұ), (ң), (ө) дыбыстарын айту мен естіп қабылдау 8-9 жастағы балалар үшін күрделі екені анықталды. Қалыптасқан дәстүрлі түзету әдістерінің тиімділігі жеткіліксіз болғандықтан, бұл мәселені шешу үшін жаңа инновациялық технологияларды енгізу қажет екендігі анықталды.

Электрондық дидактикалық құралдармен жұмыс істеу нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының зерттеу тобының әлеуеттік мүмкіндіктерін ашып, ұсынылған сөйлеу материалын толық меңгеруге, өз бетінше сөйлеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік берді. Зерттеу және бақылау топтарының тапсырмаларды орындаудың салыстырмалы талдауы көрсеткендей, бақылау тобының оқушыларында қазақ тіліне тән дыбыстарды айту бұзылыстары толық жойылмаған, сабақ барысында және сабақтан тыс кезде оқушылардың өзін-өзі қадағаламайтындығы анықталды. Оқушылар үнемі педагогтың ескертуіне мұқтаж болды. Бақылау топтарында дыбыс айту және ауызша сөйлеу тілі өзгерістері жеткілікті деңгейде байқалмады.

Нашар еститін 8-9 жастағы оқушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту сапасының орташа айқындылық деңгейімен бақылау топтарының сапалық нәтижелерін бағалай отырып, зерттеу топтарында қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту және ауызша сөйлеу тілі сапасы 23,6%-ға артқаны, дыбыстау кемшіліктерінің саны азайғаны байқалды. Мысалы, дыбыс айту барысында қосымша дыбыстар жойылды, алайда сөйлеу кезінде дауыстап айту кемшіліктері сақталып, бұл оның айқындылығына әсер етті. Анықтаушы зерттеумен салыстырғанда, зерттеу тобы оқушыларының дыбыс айтуы сапалы және дыбысты дұрыс айту тұрақтылығы анықталды.

Нашар еститін оқушыларда қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыруда компьютерлік және мультимедиялық техно-

логияларды жүйелі қолданудың тиімділігі анықталды. Алайда тек компьютерлік технологиялар оқушының дыбыс айту және ауызша сөйлеу тілі сапасын арттыра алмайды. Бұл технологияларды дәстүрлі әдістер негізінде, нашар еститін оқушылардың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып қолдану маңызды екенін көреміз.

Зерттеу барысында қазақ тіліне тән дыбыстарды қалыптастыруда жобалау әдісін қолдану ұсынылды. Жобалау әдісі оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттырып, білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мультимедиялық құралдарды пайдалану (электрондық дидактикалық материалдар, презентациялар) дыбыстарды меңгеруде тиімді әдіс ретінде қарастырылды.

Есту қабілеті бұзылған оқушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс меңгеруі үшін кешенді түзету жұмыстары қажет, бұл жұмысқа жобалау әдісі, инновациялық технологиялар, мультимедиялық құралдар және жеке түзету сабақтары енгізілуі қажеттілігі бар. Осы тәсілдер балалардың дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын жетілдіруге және олардың тілдік коммуникациясын дамытуға ықпал ететіндіктен, болашақ зерттеулерді осы аталған мәселелер аясында кеңірек қарастыруға негіз болары анық.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882231 «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде инклюзивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етудің тұжырымдамалық моделі» (2023-2025 жж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында жүргізілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P23000000249>

2. **Бұзаубақова, К. Ж.** Оқытудың педагогикалық технологиялары [Электронды ресурс]: оқы-әдістемелік құрал / К.Ж. Бұзаубақова. – Тараз, 2015. – 140 б.
3. **Көшімбетова, С.А.** Оқы-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары: педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация / С. А. Көшімбетова. – Алматы, 2004. – 132 б.
4. **Czarnecka, P.** Pozaorofacjalne warunki czynnościowe zaburzeń realizacji fonemów spółgłoskowych–na przykładzie przetrwałych ATOS, STOS i TOB // Logopaedica Lodziensia. – 2024. – №10. – P. 69-84.
5. **Odarch, I.N., Sofronov, R.P., Shichiyakh, R.A.** Principles of inclusive education and its importance in modern society // Revista on line de Política e Gestão Educacional. – 2021. – P. 853-862.
6. **Баймұратова, Б.** Тіл дамыту әдістемесінің методикасы / Б. Баймұратова. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 180 б.
7. **Бакраденова, А.Б.** Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту: педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация / А. Б. Бакраденова. – Алматы, 1993.
8. **Өмірбекова, К.К., Оразаева, Г.С., Төлебиева, Г.Н., Ибатова, Г.Б.** Логопедия: оқулық / К. К. Өмірбекова, Г. С. Оразаева, Г. Н. Төлебиева, Г. Б. Ибатова. – Алматы, 2011. – 648 б.
9. **Оразаева, Г.С., Аутаева, А.Н., Түребаева, Ш.М.** Включение и психолого-педагогическая поддержка детей с нарушениями слуха в образовательный процесс в условиях инклюзии // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. – 2023. – Т. 77, № 4.
10. **Махамбетжанова, Н., Аутаева, А.А.** Инклюзивті білім беру ортасында логопедиялық қолдаудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. – 2022. – Т. 72, № 3.
11. **Рау, Ф.Ф., Слезина, Н.Ф.** Методика обучения произношению в школе глухих / Ф. Ф. Рау, Н. Ф. Слезина. – М.: Просвещение, 1981. – 191 с., ил.
12. **Назарова, Н.М., Пенин, Г.Н.** История специальной педагогики: Специальная педагогика в 3 т. Т. 3 / Н. М. Назарова, Г. Н. Пенин. – М.: Академия, 2008. – 300 с.
13. **Современная гимназия: Взгляд теоретика и практика / под ред. Е. С. Полат.** – М., 2000. – 168 с.
- Úkimetinín' 2023 zhylygy 28 nauryzdagy № 249 qaulysy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>.
2. **Buzaubakova, K.Zh.** Oqytudyn' pedagogikalıyq tekhnologialary [Pedagogical Technologies of Teaching] [Elektronnyy resurs]: oqy-әdistemelik qural / K.Zh. Buzaubakova. – Taraz: [b.i.], 2015. – 140 b.
3. **Koshimbetova, S.A.** Oqy-tәрbie үridisinde oqytudyn' innovatsialyq әdis-tәsilderin' paidalanudyn' pedagogikalıyq sharttary [Pedagogical Conditions for Using Innovative Teaching Methods in the Educational Process]. Ped.g.k., diss. ... – Almaty, 2004. – 132 b.
4. **Czarnecka, P.** Pozaorofacjalne warunki czynnościowe zaburzeń realizacji fonemów spółgłoskowych–na przykładzie przetrwałych ATOS, STOS i TOB // Logopaedica Lodziensia. – 2024. – №10. – P. 69-84.
5. **Odarch, I.N., Sofronov, R.P., Shichiyakh, R.A.** Principles of inclusive education and its importance in modern society // Revista on line de Política e Gestão Educacional. – 2021. – P. 853-862.
6. **Baimuratova, B.** Til damytu әdistemesinin' metodikasy [Methodology of Language Development] / B. Baimuratova. – Almaty: Qazaq universiteti, 2007. – 180 b.
7. **Bakradenova, A.B.** Mektep zhasyna deıingı balalardyn' qazaqsha sөileu tilin damytu [Development of Kazakh Speech in Preschool Children]. Pedagogika gylymdarynyn' kandidatı dәrezhesin alu ўshin jazylgan diss. – Almaty, 1993.
8. **O'mirbekova, K.K., Orazayeva, G.S., Tulebieva, G.N., Ibatova, G.B.** Logopediia [Logopedics]. O'qylyq. – Almaty, 2011. – 648 b.
9. **Orazayeva, G.S., Autayeva, A.N., Turebayeva, Sh.M.** Vklucheniie i psikhologo-pedagogicheskaya podderzhka detei s narusheniiami slukha v obrazovatel'nyi protsess v usloviakh inkluzii [Inclusion and Psychological-Pedagogical Support of Children with Hearing Impairments in the Educational Process in an Inclusive Environment] // Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Psikhologiya. – 2023. – T. 77, № 4.
10. **Makhambetzhanova, N., Autayeva, A.A.** Inklzyivti bilim berı ortasynda logopedialyq qoldaudyn' psikhologiyalyq-pedagogikalıyq erekshelekteri [Psychological and Pedagogical Features of Logopedic Support in an Inclusive Education Environment] // Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Psikhologiya. – 2022. – T. 72, № 3.
11. **Rau, F.F., Slezina, N.F.** Metodika obucheniia proiznosheniui v shkole glukhikh [Methodology of Teaching Pronunciation in Schools for the Deaf]. – Moscow: Prosveshchenie, 1981. – 191 p., il.
12. **Nazarova, N.M., Penin, G.N.** Istoriia spetsial'noi pedagogiki: Spetsial'naia pedagogika v 3 T., T. 3 [History of Special Pedagogy: Special Pedagogy in 3 Volumes, Vol. 3]. – Moscow: Akademiia, 2008. – 300 p.
13. **Sovremennaiia gimnaziia: Vzglıad teoretika i praktika [Modern Gymnasium: A View from a Theorist and Practitioner] / Pod red. E.S. Polat.** – Moscow, 2000. – 168 p.

References

1. «Qazaqstan Respublikasında mektepke deıingı, orta, tekhnikalıyq zhәne kәsıptik bilim berıdı damytıdyn' 2023 – 2029 zhylyga arnalgan tızhyrymdamasyn bekity turaly» [On Approval of the Concept for the Development of Preschool, Secondary, Technical, and Vocational Education in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. Qazaqstan Respublikasy

Особенности применения инновационных технологий в формировании звуков, характерных для казахского языка, у слабослышащих учащихся в возрасте 8–9 лет

Чулембаева А.Б.^{*1}, Бутабаева Л.А.², Махметова А.А.³

¹Республиканское государственное учреждение «Национальный научно-практический центр развития специального и инклюзивного образования», Алматы, Казахстан

²Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина, Астана, Казахстан

³Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*gerain-87@mail.ru



Аннотация. Данное исследование направлено на выявление эффективности использования инновационных технологий в формировании казахскоязычных звуков у учащихся начальных классов с нарушением слуха в возрасте 8–9 лет. В ходе исследования проведен анализ понятия «инновация», а также цифровых технологий и компьютерных программ, применяемых в сфере специального образования. В современных условиях инклюзивное образование рассматривается как важнейший инструмент социальной адаптации детей с особыми образовательными потребностями. В этой связи одной из ключевых проблем является развитие речевых навыков у слабослышащих детей, в частности, корректное усвоение звуков, характерных для казахского языка. В исследовании проведен анализ современных методов обучения казахским звукам, определена роль инновационных технологий в развитии речевых навыков, а также представлены эффективные пути совершенствования речевой деятельности учащихся начальных классов с нарушением слуха. Результаты эксперимента продемонстрировали, что использование инновационных технологий оказывает положительное влияние на развитие речевых навыков обучающихся. Эффективность данного подхода научно обоснована, а полученные данные подтверждены аналитическим разбором. Доказано, что применение компьютерных технологий способствует развитию слухового восприятия и формированию речи у детей с нарушением слуха. Особое внимание уделено мультимедийным презентациям, электронным образовательным ресурсам и проектным методам, которые оказали положительное влияние на образовательный процесс детей данной категории.



Ключевые слова: учащиеся с нарушением слуха, компьютерные технологии, звуки казахского языка, мультимедийные инструменты, сурдопедагог.

The features of using innovative technologies in forming kazakh language sounds in 8-9-year-old hearing-impaired students

Chulembayeva A.B.^{*1}, Butabayeva L.A.², Makhmetova A.A.³

¹Republican State Institution «National Scientific and Practical Center for the Development of Special and Inclusive Education», Almaty, Kazakhstan

²National Academy of Education named after Y. Altynsarin, Astana, Kazakhstan

³Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*gerain-87@mail.ru



Abstract. This study aims to determine the effectiveness of using innovative technologies in the formation of Kazakh phonemes among primary school students aged 8–9 with hearing impairments. The research analyzes the concept of «innovation,» as well as digital technologies and computer programs used in the field of special education. In modern conditions, inclusive education is considered a crucial tool for the social adaptation of children with special educational needs. In this regard, one of the key issues is the development of speech skills in children with hearing impairments, particularly the correct acquisition of sounds specific to the Kazakh language. The study examines modern methods of teaching Kazakh phonemes, identifies the role of innovative technologies in the development of speech skills, and presents effective approaches to improving the speech abilities of primary school students with hearing impairments. The experimental results demonstrated that the use of innovative technologies has a positive impact on the development of students' speech skills. The effectiveness of this approach is scientifically substantiated, and the obtained data are validated through analytical review. It has been proven that the application of computer technologies contributes to the development of auditory perception and speech formation in children with hearing impairments. Special attention is given to multimedia presentations, electronic educational resources, and project-based methods, which have had a beneficial effect on the educational process of children in this category.



Keywords: hearing-impaired students, computer technologies, Kazakh language sounds, multimedia tools, surdopedagogue.

Материал баспаға 12.12.2024 келіп түсті